

# 1-деңгей



Орындаған: Әкімбек Ұлжалғас  
Тобы: ШТ 15-1с


# Орналасқан жері:

Жаңа Зеландия (ағылш. New Zealand, мао. Aotearoa) — Тынық Мұхиттың оңтүстік-батыс жағында орналасқан екі (Солтүстік және Оңтүстік деп аталатын) аралдан, сонымен қатар басқа да ұсақ аралдардан (Стьюарт, Чатем, Кермадек, Кэмибелл, т.б.) аралдарда орналасқан мемлекет Батысында Тасман теңізімен беттеседі. Ұзақ уақыт бойы, нақтырақ айтсақ, 1901 жылға дейін Жаңа Зеландия Аустралияның бір бөлігі саналып келді. Тіпті, аустралиялық штаттың бірі болып қалуы мүмкін еді....



# Континенті, аумағы, жер құрылымы

Жаңа Зеландия аралдары таулы келеді, жерінің төрттен үш бөлігі – тау, үстірт, қырат. Ең биік жері — Оңтүстік Альпідегі (Оңтүстік арал) Кук тауы (3756 м). Жер сілкіну, жанартау атқылау жиі болады. Солтүстік аралдың орталық бөлігінде Руапеху (2796 м), Нгаурухоэ (2291 м), Тонгариро (2048 м) атты сөнбеген жанартаулар бар. Климаты теңіздік, субтропиктік, қиыр оңтүстігі – қоңыржай салқын. Ең жылы айдағы (қаңтар) орташа температура солтүстігінде 19°C, оңтүстігінде 14°C, шілде айында 12°C және 5°C. Жауын-шашынның жылдық мөлшері батысында 2000 – 5000 мм, қалған жерлерде 400 – 700 мм. Ірі өзендері – Уаикато, Уонганум Рангитики (Солтүстік арал) және Клута, Тайери, Матаура (Оңтүстік арал). Суы мол көлдері Те-Анау, Мананаури (Оңтүстік арал) Таупо, Ротоудэ (Солтүстік арал). Жерінің 23%-ы (6,2 млн. га) – субтропиктік және жасыл орман. Жер бетінде алғаш жаралған кесірткелердің бірі геттерия (немесе тугара) осында ғана кездеседі. . Жер аумағы – 270,5 мың км<sup>2</sup>. Бұған қоса Жаңа Зеландия Антарктиканың бір бөлігін (жалпы аумағы 414,4 мың км<sup>2</sup>) сырттай меншіктенеді.



**Халқы – 4,2 млн. адам. Тұрғындардың 79,5%-ы – жаңазеландықтар негізінен, Ұлыбританиядан шыққан еуропалықтар, 14,5%-ы – маорилер жергілікті тұрғындар, 6%-ы – азиялықтар, полинезиялықтар, т.б. этникалық топтар. Ресми тілі – ағылшын тілі.**

# Ең атақты тұлғалары



Белл Зои 1978ж 17  
қараша. Актриса,  
каскадер.



Карл Урбан 1972ж 7  
шілде. Актер.



Рессел Креу 1964ж 17  
сәуір. Актер.

# Жаңа Зеландия мемлекетінің туы



## 2 - деңгей

### Тілі

Жаңа Зеландия мемлекетінің мемлекеттік тілі – ағылшын тілі. Ағылшын тілі (ағылш. English, English language) — Үндіеуропа тілдері жанұясының батыс герман тобына жататын тіл. Ағылшын тілі ежелгі тіл болып есептеледі, ол қазіргі Ұлыбритания аумағын ежелде басып алған Англосаксондардың тілі, бірақ жауланған кельттердің тілдері де әсерін тигізген. Ағылшын тілі Ұлыбритания, Америка Құрама Штаттары, Жаңа Зеландия, Аустралия және басқа елдерде ана тілі болып есептеледі.


### Діні

Халқының көпшілігі христиан дінінің протестант тармағын ұстанады.

### Тарихы

Жаңа Зеландияға 10 – 14-ғасырларда Полинезиядан қазіргі маорилердің арғы аталары келіп қоныстанған. Еуропалықтардан ең бірінші барған адам голландиялық теңізші Абел Тасман (1642) болды. Ел 1907 ж. доминион мәртебесіне ие болып, 1931 ж. ішкі-сыртқы дербестігі күшейтілді. 1945 ж. БҰҰ-ның мүшелігіне өтті. 2-дүниежүзілік соғыс жылдарында Жаңа Зеландия әскерлері Грекиядағы, Солтүстік Африкадағы және Жапонияға қарсы соғыс қимылдарына қатысқан.

# Мәдени ошақтары



*Макао  
мұнарасы*



*Те-Папа  
ұлттық  
музейі*



*Роторуа  
музейі*



# 3 - деңгей

- Мен 2 ай уақытымды сол елдің тілін үйренуге және ол ел туралы көп ізденіп білуге жұмсар едім.
- Қонақ кәде (яғни қазақилықтың белгісі бар сыйлықтар), сол елдің қарғасы.
- Ол елден естелік заттар (субинерлер), киімдер.



# Ұқсас жақтары

- Жаңа Зеландиялықтардың ең сүйікті күні – жұма күні. Бұл күн Қазақстандықтардың да қасиетті күні.
- Жаңа Зеландия өз қонақтарын әрдайым құшақ жая қарсы алады және көрікті орындарымен үнемі қуантумен келеді. Мен бұл тұсын еліміздің қонақжайлылығымен және Астанамыздың жыл санап көркейеп келе жатқандығы елімізге келген қонақтарды таң қалдырумен келеді.

# Айырмашылықтары

- Жаңа зеландиялықтар тазалығымен ерекшеленеді. Көшелерінің тап-таза болғандығы соншалықты, адамдар жалаң аяқ та жүре береді.
- Балалар сабаққа бес жастан барады. Бір қызығы – олар бірінші қыркүйек күні емес, өздерінің бес жасқа толған туған күндерінде мектеп табалдырығын аттайды.
- Жаңа Зеландия – ең пластикалық ел. Мұнда бәрі кредиттік карточкаларды қолданады, қолма-қол ақшаны көру қиын. Тіпті, таксилердің өзінде арнайы терминалдар бар.

Мен бұл профайлингті жасау барысында ең қиындық  
тудырған тұсы атақты тұлғаларын табу болды.  
Жалпы профайлингті жасауға кеткен уақыт 2 сағат 50 минут.

**Назарларыңызға рахмет!**